

"Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамын дамытудың 2003-2005 жылдар кезеңіне арналған жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 шілдедегі N 777 қаулысы

Республикада астық рыногын тиімді дамыту және қазақстан астығының экспортын ұлғайту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған мыналар: "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамын дамытудың 2003-2005 жылдар кезеңіне арналған жоспары бекітілсін.

Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамының 2003 жылға арналған маңызды көрсеткіштері (1, 2, 3, 4-қосымшалар). <*>

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.04.30. N 411 қаулысымен .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 2 ж ы л ғ ы 1 5 ш і л д е д е г і
N 7 7 7 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

"Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамын дамыту жоспары

1. "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамының сипаттамасы, құрылу тарихы, ұйымдық құрылымы

"Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамы "Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 24 ақпандағы N 260 қаулысына сәйкес құрылған және Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясының құқықтық мұрагері болып табылады. "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Корпорация) 1997 жылғы 11 сәуірде Алматы қаласының әділет басқармасында тіркелген.

Корпорация мемлекеттің 100 пайыз қатысуымен акционерлік қоғам нысанында құрылған заңды тұлға болып табылады және өзінің құзыреті шегінде мемлекеттік астық ресурстарын басқару жөніндегі агенттің өкілеттігін жүзеге асырады. Оның жарғылық капиталы 45,7 млн. теңге мөлшерінде қалыптастырылған және әрқайсысының бастапқы

құны 1000 теңге 45762 қарапайым атаулы акцияға бөлінген.

Акциялардың мемлекеттік пакетін иелену және оны пайдалану құқығы билік ету құқығынсыз Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне берілген.

Корпорацияның қаржылық және өндірістік қызметі шаруашылық дербестік және Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерінің негізінде жүзеге асырылады.

Корпорацияның негізгі мақсаты мемлекеттік астық ресурстарының сақталуы мен жаңалануын қамтамасыз ету, сондай-ақ елдің азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған астық пен оның өңделген өнімдері бағаларының ішкі конъюнктурасын реттеу болып табылады.

Корпорация Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасы бойынша және Ауыл шаруашылығы министрлігімен жасалған агенттік келісімдерге сәйкес мемлекеттік астық ресурстарын сатып алуды, қалыптастыруды, есепке алуды, сақтауды, жаңалауды және сатуды ұйымдастыруды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілейтін өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Корпорация өзінің жарғылық қызметін жүзеге асыру үшін облыстарда 8 өкілдік құрды. 2002 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша облыстардағы өкілдіктерді қоса есепке алғанда, Корпорация қызметкерлерінің жалпы саны 211 адамды құрады.

Р/с! Құрылымдық бөлімшелер ! Штат бірлігінің
N ! ! с а н ы

| | | |
|----|--|-----|
| 1 | Ақтөбе облыстық өкілдігі | 8 |
| 2 | Ақмола облыстық өкілдігі | 15 |
| 3 | Шығыс Қазақстан облыстық өкілдігі | 8 |
| 4 | Батыс Қазақстан облыстық өкілдігі | 8 |
| 5 | Қарағанды облыстық өкілдігі | 7 |
| 6 | Қостанай облыстық өкілдігі | 25 |
| 7 | Солтүстік Қазақстан облыстық өкілдігі | 15 |
| 8 | Оңтүстік аймақ бойынша өкілдік | 29 |
| 9 | Сыртқы экономикалық қызмет департаменті (Алматы қаласы) | 4 |
| 10 | Орталық аппарат (Астана қаласы) | 92 |
| | Барлығы: | 211 |

1996 жылдың аяғына қарай Мемлекеттік азық-түлік корпорациясына банкроттық қаупі төнді, кредиторлық берешектің жалпы көлемі 200 миллион доллардан асты, ал активтер тапшылығы 100 миллион долларды құрады. Мемлекеттік азық-түліктік астық резервін сақтауға арналған қаражат бөлу мәселелері реттелмей қалды.

Қазақстан астығын дәстүрлі өткізу рыногынан іс жүзінде айырылып қалды. Мемлекеттік астық ресурстарын есепке алу толығымен қалпына келтіруі тиіс еді.

1997 жылы Корпорация құрылғаннан кейін дағдарысты жағдайдан шығу жөнінде іс-шаралар кешені жүзеге асырылды, мұның өзі Компанияның қаржылық жай-күйін тұрақтандыруға мүмкіндік туғызды.

Корпорацияның барлық құрылымдық бөлімшелерін байланыстыратын компьютерлік желі құрылды және ол қазір жетілдірілуде, астық пен ақшалай қаражатты жедел есепке алу ұйымдастырылды.

1997-1999 жылдар кезеңінде Корпорация республикалық бюджет алдындағы, соның ішінде астық сатып алу үшін бөлінген 36 миллион АҚШ доллары мөлшерінде берешегін өтеді.

1998-2000 жылдары 99,1 миллион АҚШ доллары сомасында тікелей міндеттемелер өтелді.

Қазіргі уақытта Корпорацияның қаржылық жағдайы тұрақты болып табылады, оның ішкі де, сыртқы да рыноктағы астық сату жөніндегі қызметі бәсекеге қабілетті.

2. "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамының қызметін талдау

2.1. Мемлекеттік астық ресурстары

"Астық туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік астық ресурстары өзіне мыналарды қамтиды:

| | | | |
|-------------|---------------|-------|-------------|
| мемлекеттік | азық-түліктік | астық | резерві; |
| мемлекеттік | тұқымдық | астық | ресурстары; |
| мемлекеттік | сатылатын | астық | ресурстары; |
| мемлекеттік | жемдік | астық | ресурстары. |

2002 жылғы 1 қаңтарда Корпорация мемлекеттік астық ресурстарын 940,6 мың тонна көлемінде қалыптастырды (1-қосымша).

Мемлекеттік астық ресурстарының 2001 ж. 01.03. - 2002 ж. 01.01. кезеңіндегі қозғалысы

| | м ы ң т о н н а | | | |
|---------------|--|-------------------|-------|-------|
| | ----- | | | |
| | !2001. 01.03.! Кірісі ! Шығысы ! 2002 01.01. | | | |
| | ! б а р ы ! ! ! б а р ы | | | |
| | ----- | | | |
| Мемлекеттік | | азық-түліктік | | |
| астық резерві | 500,0 | 400,9 | 400,9 | 500,0 |
| Мемлекеттік | | с а т ы л а т ы н | | |

| | | | | |
|------------------------------|--------|----------|--------|-------|
| астық ресурстары | 177,3 | 865,3 | 732,0 | 310,6 |
| Мемлекеттік ресурстары | жемдік | | астық | |
| Мемлекеттік астық ресурстары | 0,0 | 0,0 | 0,0 | 0,0 |
| Мемлекеттік астық ресурстары | | тұқымдық | | |
| Барлығы | 99,7 | 140,2 | 109,9 | 130,0 |
| | 777,0 | 1406,4 | 1242,8 | 940,6 |

Ескерту. "Астық туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және "Мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыру, сақтау және пайдалану ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 наурыздағы N 394 қаулысына сәйкес мемлекеттік астық ресурстарын есепке алу төрт түр бойынша жүргізілуде.

Мемлекеттік астық ресурстары республиканың 62 ірі астық қабылдау кәсіпорындарында орналастырылуда, оларды іріктеуді Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Корпорация конкурстық негізде жүргізеді.

Мемлекеттік астық ресурстарының сандық-сапалық сақталуын бақылауды жүзеге асыру жөнінде жүктелген функцияларын ескере отырып, Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Корпорация уәкілетті астық қабылдаушы кәсіпорындарын тексеруді жүзеге асырудың тоқсан сайынғы кестелерін әзірледі және бекітті.

Мысалы, 2001 жылы 823 астық қабылдау кәсіпорны тексерілді және 3 астық қабылдау кәсіпорнында 477 тонна көлемінде мемлекеттік астық ресурстарының жетіспеушілігі айқындалды. Қойылған талаптар бойынша осы жетіспеушілік өтелді.

2002 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша мемлекеттік ресурстарда ақаулы және бүлінген астық жоқ (2-қосымша).

2.1.1. Мемлекеттік азық-түліктік астық резерві

Соғыс, жұт, дүлей зілзала және басқа да төтенше жағдайларда мемлекеттің азық-түліктік тұрақтылығына мүлтіксіз кепілдік жасау үшін оның ең төменгі мөлшері тауар рыногында тапшылық туындаған жағдайда халықты астықпен және оның өңделген өнімдерімен қамтамасыз етуге кепілдік беруі тиіс мемлекеттік азық-түліктік а с т ы қ р е з е р в і ж а с а л д ы .

Бұл резерв 500 мың тонна астық көлемінде қалыптастырылды (3-қосымша) және Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан және Қызылорда облыстарының 41 астық қабылдау кәсіпорнында орналастырылды. Қалыптастырылған көлемнің 58,71 мың тонна (11,7%) - 1999 жылғы егіннің астығы, 177,87 мың тонна (35,6%) - 2000 жылғы егіннің астығы және 263,42 тонна (52,7%) - 2001 жылғы егіннің астығы.

"Мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыру, сақтау және пайдалану ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 наурыздағы N 394 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыру, сақтау және пайдалану ережесіне сәйкес оларды сақтау және жыл сайын жаңалау жүзеге асырылуда

2001 жылы 47 "Мемлекеттік резервтегі астықты сақтау" бағдарламасы бойынша оларды сақтауға республикалық бюджеттен 740 млн. теңге бөлінді.

2.1.2. Мемлекеттік тұқымдық астық ресурстары

"Тұқымдық астықтың мемлекеттік резерві туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 14 қыркүйектегі N 1390 қаулысына сәйкес Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Корпорация 100 мың тонна көлемінде мемлекеттік тұқымдық астық ресурстарын қалыптастырды. "Астық туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік тұқымдық астық ресурстары Қазақстан Республикасының азық-түліктік қауіпсіздігі мен жұмылдыру дайындығы мақсатында республиканың тұқымдық материалға мұқтаждарын тұрақты қамтамасыз етуге және астық өндірісін дамытуға арналған.

Мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыру, сақтау және пайдалану ережесінің талаптарына сәйкес тұқымдық астықты пайдалану көлемі Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларымен айқындалады және екінші деңгейдегі банктің кепілі болған жағдайда қайтарымды негізде немесе қамтамасыз етудің басқа да түрлері мен тұқымдық несиені беру түрінде жүргізіледі.

"Батыс Қазақстан облысының тұқымдық несиені берешегін өтеуінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 14 желтоқсандағы N 1843 қаулысына сәйкес жалпы сомасы 4596,5 мың АҚШ долларына баламалы берешегін 1999 жылы "Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қоры" ЖАҚ арқылы берілген несиені бойынша өтеу 2003 жылға дейін ұзартылды. Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері 2001 жылдың егінінен 984,6 мың АҚШ доллары сомасына 8,8 мың тонна астық көлемінде берешегін өтеу жүргізілді.

2002 жылғы 1 қаңтарда өткен жылдардағы несиені бойынша берешектің көшірілетін қалдығы 18,6 мың тонна, соның ішінде Ақмола облысы бойынша 3,1 мың тоннаны, Ақтөбе - 2,4 мың тоннаны, Алматы - 0,9 мың тоннаны, Шығыс Қазақстан - 1,4 мың тоннаны, Батыс Қазақстан - 10,2 мың тоннаны, Қостанай - 0,3 мың тоннаны, Солтүстік Қазақстан - 0,3 мың тоннаны құрады.

Жоғарыда көрсетілген берешектің жалпы көлемінен 5,9 мың тонна көлемінде берешекті өтеу ұзартылды, 3,6 мың тонна көлеміне Корпорацияның пайдасына берешекті өтеу туралы сот шешім шығарды, ал 9,1 мың тонна көлеміне Корпорация талап-арыз қою жұмысын жеткізуде.

"Мемлекеттік тұқымдық астық ресурстарының пайдалану көлемін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 10 сәуірдегі N 484 қаулысы негізінде 2001 жылы 98,8 мың тонна көлемінде тұқымдық несиені берілді (4-қосымша), соның ішінде Батыс Қазақстан облысына - 21,0 мың тонна, Ақмола - 28,5 мың тонна, Қызылорда - 3,4 мың тонна, Қостанай - 32 мың тонна, Қарағанды - 4,5 мың тонна, Шығыс Қазақстан - 5,7 мың тонна және Ақтөбе - 3,7 мың тонна. Берілген тұқымдық

несие толық көлемде қайтарылды.

2002 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша мемлекеттік тұқымдық астық ресурстарында 130 мың тонна тұқымдық материал бар, соның ішінде:

сорттық тұқым - 92 мың тонна;
тауарлық партиялардың тұқымдық материалы - 27 мың тонна;
тауарлық астық - 11 мың тонна.

"2002 жылға арналған мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыру және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 30 наурыздағы N 379 қаулысымен ағымдағы жылға арналған мемлекеттік тұқымдық астық ресурстарын пайдалану көлемі 120 мың тонна мөлшерінде белгіленді, ол қазіргі уақытта Ауыл шаруашылығы министрлігі айқындаған тізбеге сәйкес ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері бойынша бөлінуде.

2.1.3. Мемлекеттік сатылатын астық ресурстары

Мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыру, сақтау және пайдалану ережесіне сәйкес Ауыл шаруашылығы министрлігі мемлекеттік сатылатын астық ресурстарын қалыптастыруды Корпорация арқылы Қазақстан Республикасы Үкіметі айқындайтын тәртіппен жыл сайынғы астық сатып алу жолымен жүзеге асырады.

Мемлекеттік сатылатын астықтың ресурстары астықтың ішкі рыногын реттеу, мемлекетаралық келісімдердің орындалуын қамтамасыз ету, азық-түліктік астық резервін, мемлекеттік жемдік және тұқымдық астық ресурстарын толықтыру мен жаңалауға арналған.

Азық-түліктік астықты тұтынуды талдау мамыр-маусымда нан пісіру өнеркәсібі мұқтаждары үшін азық-түліктік астыққа сұраныс туындайтынын көрсетуде. Нан-тоқаш бұйымдарына бағалардың өсуіне жол бермеу үшін Корпорация осы кезеңде отандық астық өңдеуші ұйымдарға астықты тіркелген бағалар бойынша сатуды жүргізеді.

Осылайша, "Астықтың ішкі рыногын тұрақтандыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 3 сәуірдегі N 440 қаулысына сәйкес өткен жылы ішкі рынокта шамамен 150 мың тоннаға жуық астық сатылды.

Мемлекеттік сатылатын астық ресурстарынан оларға астық сатылған астық өңдейтін ұйымдарды іріктеуді Ауыл шаруашылығы министрлігі айқындаған комиссия жүзеге асырды.

Бастапқыда астықты сату бағасы бір тоннаға 108 АҚШ доллары болып белгіленген еді, ал кейін рынок конъюнктурасының өзгеруіне байланысты сату бағасы бір тоннасына 95 АҚШ долларына дейін төмендетілді. Барлығы 108 АҚШ доллары бағасымен сатылатын астық көлемінің 79,7 %, ал 95 АҚШ доллары бағасымен - 20,3% сатылды.

Бұдан басқа, экспорттық келісім-шарттар бойынша 50 мың тонна астық сатылды.

"2001 жылғы егіннің астығын мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 31 қаңтардағы N 155 қаулысына сәйкес

Корпорация отандық ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінен астықты мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырды, ол екі кезеңде жүргізілді: жеткізу шарты негізінде астық өндірісін қаржыландыру және күзде нақты сатып алуды жүзеге асыру арқылы.

Барлығы 2001 жылғы егіннің астығы 425,0 мың тонна көлемінде, соның ішінде: көктемгі-жазғы кезеңде қаржыландыру жолымен 199,2 мың тонна және күзгі кезеңде тікелей сатып алу жолымен 225,8 мың тонна (5, 6-қосымшалар).

2002 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша мемлекеттік сатылатын астық ресурстарының көлемі 310,6 мың тонна астықты (7-қосымша) құрады.

2002 жылы мемлекеттік астық ресурстарын сатып алу "Мемлекеттік азық-түлік резервіне 2002 жылғы егіннің астығын мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 27 наурыздағы N 356 қаулысына сәйкес жүргізіледі. Сатып алу мемлекеттік азық-түліктік астық резервін жаңалау және ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін қолдау мақсатында жүргізіледі. 2002 жылғы егіннің бидайын және басқа да ауыл шаруашылығы дақылдарын жалпы сомасы 5413,4 млн. теңгеге бағасын кемінде 11600 теңгеге көлемі 450 мың тоннаға жуық сатып алуды жүргізу жоспарланып отыр. 2001 жылы сияқты сатып алу екі кезеңде жүзеге асырылатын болады:

250 мың тоннаға дейінгі көлемде - жеткізу шарты негізінде 2002 жылғы 25 шілдеге дейінгі мерзімде қаржыландыру арқылы;

200 мың тоннаға жуық көлемде - күзде тікелей сатып алу арқылы.

Жеткізу шарты негізінде астық сатып алуды қаржыландыру екінші деңгейдегі тұрақты банктердің кепілдігімен қамтамасыз етіледі. Осы астық сатып алу бағдарламасы ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне ақшалай қаражатты ең қажет кезінде - жанар-жағар май материалдарын, тыңайтқыштарды, тұқымдық материалдарды, ауыл шаруашылығы техникасын, қосалқы бөлшектерді, басқа да тауарлы-материалдық ресурстарды сатып алу үшін егіс және егін жинау жұмыстары алдында алуға және өндірілетін астықтың өзіндік құнын кемітуге мүмкіндік туғызады, сабақтас салалардың - ауыл шаруашылығы химиясын, ауыл шаруашылығы машиналарын жасауды дамытуды ынталандырады.

2.1.4. Мемлекеттік жемдік астық ресурстары

Мемлекеттік жемдік астық ресурстары мал шаруашылығы мен құс шаруашылығының жем-шөпке қажеттіліктерін қамтамасыз етуге арналады. Мемлекеттік жемдік астық ресурстарын пайдалану көлемі Республика Үкіметінің шешімімен айқындалады.

"2002 жылға арналған мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыру және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 30 наурыздағы N 379 қаулысымен 2002 жылға арналған мемлекеттік жемдік астық ресурстарын пайдалану көлемі 15 мың тонна мөлшерінде белгіленді.

Жемдік несиені беру қайтарымды және коммерциялық негізде банк кепілдігін беру

кезінде жүргізіледі, сату алдын ала төленген немесе банк кепілдігі болған кезде жүзеге асырылатын болады.

2.2. Мемлекеттік элеваторлар жүйесін дамыту

Астық рыногын мемлекеттік реттеу және мемлекеттік астық ресурстарын басқару практикасы мемлекеттік элеваторлардың белгілі бір санының болуы қажет екенін көрсетті. Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 12-14 тамыздағы Ақтөбе және Қостанай облыстарында жұмыс сапары барысында кейбір стратегиялық маңызы бар элеваторларды мемлекеттік меншікке беру мүмкіндігін қарау туралы берген тапсырмасына сәйкес Ақмола, Солтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарында 6 мемлекеттік элеватор - NN 1-6 нан базалары жұмыс істейді. Мемлекеттік элеваторлар мемлекеттік астық ресурстары үшін борышты өтеу есебіне мемлекетке қайтарылған жеке элеваторлар базасында құрылды.

Технологиялық жабдықтарды қалпына келтіру, қайта жаңарту және қалыпты жұмыс режиміне келтіру мақсатында Корпорация оларды қаржыландыруды жүргізді. Барлық алты элеваторда астықты қабылдау, өлшеу, кептіру, тазалау, сақтау, және тиеу жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия бар.

Мемлекеттік элеваторлар жүйесін дамытудың қазіргі кезеңінде мемлекеттік астық ресурстарын сақтаудың сенімділігі артқаны көрер көзге айқындалды. Кейін мемлекеттің 100 пайыз қатысуымен мемлекеттік элеваторларды акционерлендіруді жүзеге асыру жоспарлануда.

2.3. "Азық-түлік келісім-март корпорациясы" жабық акционерлік қоғамының халықаралық ұйымдардың жұмысына қатысуы

Корпорация Астық жөніндегі халықаралық кеңес комитетінің (бұдан бәрі - Кеңес) жыл сайынғы сессияларына, сондай-ақ Кеңес Лондон қаласында өткізетін халықаралық конференцияға қатысады. Кеңес Атқарушы комитеттің шешімімен Қазақстан Республикасы Атқарушы комитетінің мүшелігіне қабылданды. Австралия, Аргентина, Еуропалық Одақ, Канада, АҚШ сияқты негізгі астық экспорттаушыларынан кейін Қазақстан Атқарушы комитеттің алтыншы мүшесі болды. Атқарушы комитеттің мүшесі ретінде Қазақстанның астықтың халықаралық рыногындағы саясатты қалыптастыруға қатысуға нақты мүмкіндігі бар.

Бұдан басқа, Корпорация оған бүкіл жетекші астық сатушылары енген ірі халықаралық ұйым - Астық пен жем сату жөніндегі қауымдастықтың (GAFTA) мүшесі болып табылады. Осы Қауымдастықтың мүшелігі халықаралық стандарттар бойынша астық жеткізуге келісім-шарттар жасасу және Лондон қаласындағы төрелік сотта туындаған шағымдарды қарау құқығын береді.

3. 2001 жылдың қаржылық нәтижелері және 2002 жылға арналған қаржы-экономикалық көрсеткіштердің болжамы

2001 жылы астық сату нәтижесінде Корпорация 2000 жылы астық сатып алуға бөлінген қаражаттың қайтарылуын жүзеге асырды.

Корпорацияның 2001 жылы мемлекеттік астық ресурстары жөніндегі қызметінен жалпы табыс 8408,2 млн. теңгені құрады, соның ішінде: өнімді (қызметтерді, жұмыстарды) сатудан түскен табыс - 7909,4 млн. теңге; негізгі емес қызметтен түскен табыс - 498,8 млн. теңге.

Бүкіл шығыс 8281,2 млн. теңгені, соның ішінде: мемлекеттік сатылған астық ресурстарының өзіндік құны 5143,0 млн. теңге, кезеңнің шығыстары - 2709,5 млн. теңге, негізгі емес қызметтің шығыстары - 428,7 млн. теңге.

Мемлекеттік астық ресурстарын сатудан салық салынатын 127,0 млн. теңге табыс алынды. < * >

Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар 39,5 млн. теңге, таза табыс - 87,4 млн. теңгені құрады.

Өзіндік қаржы-шаруашылық қызметтің қорытындысы бойынша табыс 300,0 млн. теңгені (мемлекеттік астық ресурстарын сатудан түскен комиссиялық сыйақының 3% бойынша) құрады, салық салынатын табыс 2001 жыл үшін 61,9 млн. теңге.

Соның ішінде, кіріс бөлігі мынадай түрде қалыптастырылды: мемлекеттік астық ресурстарын сатудан түскен комиссиялық сыйақы - 265,7 млн. теңге;

жалға беру жөніндегі қызметтер көрсетуден түскен табыс - 18,0 млн. теңге; өзге де кірістер - 16,3 млн. теңге.

Өз қызметі бойынша шығыстар 238,4 млн. теңгені құрады.

Корпоративтік табыс салығы - 22,3 млн. теңге. Корпорацияның таза табысы - 39,3 млн. теңге.

2002 жылы 19,6 млн. теңге мөлшерінде акциялардың мемлекеттік пакетіне дивидендтерді бюджетке аудару жоспарлануда.

2002 жылға жалпы кіріс 10535,9 млн. теңге мөлшерінде жоспарланды, соның ішінде:

мемлекеттік астық ресурстары бойынша кірістер - 10269,9 млн. теңге; өз қызметі бойынша кіріс - 266,0 млн. теңге.

2002 жылға 10276,1 млн. теңге мөлшерінде жалпы шығыстар жоспарланды, соның ішінде:

мемлекеттік астық ресурстары бойынша шығыстар - 10011,7 млн. теңге; өз қызметі бойынша шығыстар - 264,4 млн. теңге.

2002 жылғы салық салынатын кіріс 259,8 млн. теңге мөлшерінде жоспарлануда.

Өз қызметі бойынша кірісті бөлу кезінде оны мыналарға жұмсау жоспарлануда: 0,6 млн. теңге мөлшерінде акциялардың мемлекеттік пакетіне дивидендтер төлеуге; Корпорация өз қаражатын инвестициялық мақсаттарға жұмсауды жоспарламайды.

2005 жылға дейінгі кезеңге арналған қаржы-экономикалық көрсеткіштердің толық

болжамы Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі ұсынған нысан бойынша 8-қосымшада келтірілген.

Ескерту. 3-бөлім өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.04.30. N 411 қаулысымен .

4. "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамын дамытудың негізгі бағыттары мен перспективалары

2003-2005 жылдардағы қызметтің негізгі бағыттары "Астық туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 наурыздағы қаулысына сәйкес Корпорацияға жүктелген негізгі міндеттер мен функциялардан туындайды.

4.1. Корпорация қызметінің негізгі бағыттары

1. Мемлекеттік астық ресурстарын басқарудың тиімділігін мынадай жолдармен а р т т ы р у :

мемлекеттік астық резервін жаңалау және отандық ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне қолдау көрсету мақсатында мемлекеттік ресурстарға астықты екі деңгейлі сатып алу схемасын дамыту әрі жетілдіру;

ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне қайтарымды шартпен тұқымдық несие б е р у т ә р т і б і н ж е т і л д і р у ;

тұқымдық материалдың сапасын жақсарту жөнінде жұмыс жүргізу;
мемлекеттік жемдік астық ресурстарын қалыптастыру;

мемлекеттік азық-түліктік астық резервін сақтаудың сенімділігін арттыру, мемлекеттік элеваторлар желісін дамыту, олардың материалдық-техникалық базасын дамыту, оларда мемлекеттік азық-түліктік астық резервін және ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің астығын орналастыру;

қазақстан астығын сатудың тиімділігін арттыру, соның ішінде оны тасымалдау жөніндегі проблемаларды шешу арқылы.

2. Мынадай жолдармен ішкі рыноктағы астықтың бағасын реттеу:

астық пен оны өңдеу өнімдеріне бағалардың негізсіз көтерілуін болдырмау мақсатында ішкі рыноктағы бағаға әсер ететін астық сатып алу мен сату көлемін реттеу ;

оны уақытылы әрі тиімді сатуды қамтамасыз ету мақсатында астық өңдеуші кәсіпорындарға астық сату тәртібін жетілдіру;

отандық ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне қолдау көрсету және астық өндіруді қаржыландыру жүйесін неғұрлым кеңінен енгізу.

3 . М ы н а д а й ж о л д а р м е н :

астық өткізудің дәстүрлі рыноктарындағы өз тұғырын нығайту, сондай-ақ жаңа рыноктарға шығуды қамтамасыз ету;

халықаралық астық рыногында астық державасы ретінде Қазақстанның беделін

нығайтуға бағытталған іс-шаралар өткізуді қамтамасыз ету және халықаралық ұйымдардың жұмысына қатысу, сондай-ақ астық импорттаушы кейбір елдерде ө к і л д і к т е р а ш у ;

халықаралық ұйымдармен және Қазақстан аумағындағы астық импорттаушылармен өзара іс-қимыл жасау мақсатында Қазақстанның астық рыногы туралы ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету, әлемдік стандарттарға сай инфрақұрылымы бар орталықтың болуы, қазақстан астығын жылжытуға бағытталған шетелдік делегацияларды қабылдау, конференциялар, симпозиумдар, тұсаукесерлер, көрмелер өткізу арқылы қазақстан астығын халықаралық рыноктарға жылжыту;

астық рыногын дамытуды, қазақстан астығын экспортқа шығаруды көбейтуді қамтамасыз ету үшін Ақтау портында қосымша астық терминалын салу. <*>

Ескерту. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.04.30. N 411 қаулысымен .

4.2. Мемлекеттік ресурстарға сатып алынатын дақылдар номенклатурасын кеңейту

Ішкі және сыртқы астық рыноктары конъюнктурасын ескере отырып, мемлекеттік астық сатып алудың бұлжымас әрі басым бағыты жұмсақ сортты бидай болып табылады. Бұл ретте, қатты сортты бидай және жем-шөптік арпа сияқты мемлекеттік ресурстарға сатып алынатын дақылдар номенклатурасын кеңейтуге болады деп с а н а й м ы з .

Сапалы қатты бидайға ішкі сұраныс республикадағы жалпы рынок сыйымдылығы 143 мың тоннаға жуық макарон бұйымдарын ірі өндірушілер тарапынан сұраныстан т у ы н д а д ы .

Республика ішінде макарон бұйымдарын ірі және ұсақ өндірушілердің жедел дамып келе жатқанын және кейбір импортталған макарон көлемін назарға ала отырып, Корпорацияның бағалауы бойынша жоғары сортты макарон жармасынан ғана макарон өндірілуі шартымен (қазіргі таңда - көрсетілген деректердің 30%-ға жуығы) дәнінің маңызы 27%-ға дейін және мөлдірлігі 70%-ға дейін қатты бидайды ішкі рынокта ең жоғары тұтыну 350380 мың тоннаға жуықты құрайды.

Корпорацияның бағалауы бойынша республика диірмен кешендерінің қатты бидайды өңдеуінің техникалық қуаты жылына 130-150 мың тонна, ал есептік нақты өңдеу 60-70 мың тонна ғана астықты құрайды.

Қатты бидайды өңдеу мен тұтыну көлемдерінің шектелуінің негізгі себебі соңғы жылдары қолайсыз ауа-райынан, өндірістің агротехнологиялық нормаларының бұзылуынан, сапалы тұқымдық материалдың болмауы салдарынан өндірістің құлдырауына байланысты республиканың бидай рыногында сапалы бидайдың болмауы б о л ы п т а б ы л а д ы .

Қазіргі уақытта, қатты бидай сораптары Ақмола, Ақтөбе, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарында өңделеді.

Астықтың ішкі рыногында қалыптасқан конъюнктурада 3 сыныпты қатты бидай құны франко-элеватор шартымен (элеватордан тікелей жеткізу) 80-85 АҚШ долларына

баламалы соманы құрайды, мұның өзі астық өндірушілерге 20-25% өндіріс рентабельділігі деңгейін ұстауға мүмкіндік туғызады.

Корпорация ішкі рынокқа да шығаруға, Ресей мен Өзбекстанға, басқа да елдерге импорттауға болатын бидайдың қатты сорттарын сатып алуды жүзеге асырады, бұл ретте сапаны қатаң ұстану қажет: мөлдірлігі кемінде 70%, табиғи салмағы кемінде 770 г/к, дәнінің маңызы кемінде 25%. Франко-элеватор шартымен сатып алу бағасы бір тоннаға 85 АҚШ долларын құрауы мүмкін.

Корпорация жыл сайын республикалық бюджет қаражаты есебінен 15 мың тоннаға дейін қатты бидай сатып алуды, соның ішінде 10 мың тонна азық-түліктік астық және 5,0 мың тонна сорттық тұқым сатып алуға дайын.

Жемдік арпаны өндіру көлемінің азаюына, ең алдымен, республикада мал санының күрт азаюуы әсер етті. Мал шаруашылығы саласының тарапынан сұраныстың төмендеуі салдарынан осы дақылдың егістік алаңдары едәуір азайтылды.

Осылайша, 1990 жылмен салыстырғанда, тұтас алғанда, республикада арпа себу алаңы 4 еседей дерлік азайды, ал өндіріс көлемі 5 есе азайды.

Арпаға ішкі сұраныстың республика ішкі рыногында толық қанағаттандырылуы жағдайында Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігінің деректері бойынша жемдік арпаның экспорты 1997-2001 жылдары кезеңінде 312,3-760,2 мың тонна шегінде ауытқуда. Экспорт көлемінің өзгеруі халықаралық рыноктың ғана емес, республика ішкі рыногының да жай-күйіне тәуелді.

Жемдік арпаны экспорты көлемінің серпіні

м ы ң т о н н а

| Экспорттау жылы | ! 1997/1998 | ! 1998/1999 | ! 1999/2000 | ! 2000/2001 |
|-----------------|-------------|-------------|-------------|-------------|
| Экспорт көлемі | 623,4 | 320,2 | 760,2 | 312,3 |

Қазақстан жемдік арпасын импорттаушылар Ресей, Иран, Сауд Арабиясы болып табылады.

Корпорация халықаралық рынокта жем арпасы саудасында едәуір тәжірибеге ие. Астық халықаралық рыногының ағымдағы жай-күйінде Корпорация бір тоннасы үшін 40 АҚШ долларына баламалы баға бойынша франко-элеватор шартымен 2 сыныптағы жемдік арпа сатып алуға дайын.

Корпорация жыл сайын 100 мың тоннаға дейінгі көлемде жемдік арпа сатып алу мүмкін деп санайды, бірақ мемлекеттік сатып алу бағдарламасының шектеулі қаржыландырылуына байланысты сатып алу көлемін 15 мың тоннаға дейін белгілеуді ұсынады.

4.3. Маркетингтік зерттеулер. Мемлекеттік астық ресурстарының экспорты

2001 жылы Корпорация экспорттық жеткізулер бойынша 154,8 мың тонна, соның ішінде ТМД елдеріне 82,3 мың тонна тиелді (Өзбекстан мен Ресей) және алыс шет елдерге 72,5 мың тонна (Иран және Ауғаныстан). Экспорт астығын сату бағасы беру шарттарына қарай DAF шартымен (шекараға дейін жеткізу) 110 АҚШ доллары шегінде қ а л ы п т а с т ы .

Ағымдағы жылы қазақстандық астықты әлемдік рынок пен дәстүрлі өткізу рыноктарына экспорттау едәуір қиындау болады. Әлемдік рынокқа астық жеткізу баға кедергісі мен жоғары көлік шығыстарынан, сондай-ақ АҚШ, Канада, Австралия, Еуропалық Одақ (ЕО), Аргентина сияқты негізгі астық экспорттаушылармен қазіргі ұзақ мерзімді сауда қатынастарымен шектелуде.

Сонымен қатар, 2002 жылғы ақпанда ЕО елдерінің импорттық бажды құрамында 11,5%-дан аз протеині бар импортталатын бидайға 21,49 евро/т дейін көтеруі конъюнктуралық факторға айналды. Осы шара ресей мен украин бидаы экспорттық жеткізілімдерін шектейді, мұның өзі осы елдер ішкі астық рыногының қанығуына әкеледі, сөйтіп қазақстан астығы импортына да әсер етеді.

Жалпыға мәлім, дәстүрлі өткізу рыноктары әрқашанда қазақстандық астығы экспорттың едәуір үлеске ие (ТМД елдері - жалпы қазақстан астығы экспортының 80%-ға жуығы), бұл ретте жылдан жылға ресей астық рыногының рөлі кеміп келеді (1997/1998 маркетинг жылы қазақстанмен жалпы экспорттың 57,31%, 42,75% - 1998/1999 маркетинг жылы, 35,44% - 1999/2000 маркетинг жылы, 55,25% - 2000/2001 маркетинг жылы, 7,7 % - 2001/2002 маркетинг жылы).

ТМД елдеріне астық жеткізу неғұрлым тиімді, өйткені ортақ шекара болғандықтан, жеткізу жөніндегі шығындар неғұрлым аз.

2001 жылы Ресей 85 млн. тоннадан астам астық жинады. 2001 жылдың рекордты егіні жағдайында әрі мол қоры болғандықтан Ресей өзінің астыққа қажеттіліктерін (70 млн. тоннаға жуық) қамтамасыз етті және 3,8 млн. тоннаға жуық астығын негізінен Таяу Шығыс пен Еуропа елдеріне экспорттады. Астықтың едәуір қоры болуы ішкі рыноктағы бағаға теріс әсер етеді, соның салдарынан ресей рыногында бағалар құлдырады, мысалы соңғы айда дән маңызы 25%-ға дейінгі бидай бағасы бір тоннаға 100 АҚШ долларынан 85-90 долларға дейін түсті, бұл ретте дән маңызы 23%-ға дейінгі бидай үлкен сұранысқа ие емес.

2002 жылы Ресейге азық-түліктік астық жеткізу шағын көлемде ғана болады деп күтілуде. Сонымен бірге, ресей азық-түліктік астығының сапасы төмен болуына байланысты қазақстан астығы Ресейде диірмен көрсеткіштері бойынша ресей бидаы "жақсартушы" ретінде сұранысқа ие болуы мүмкін. Сондықтан, Қазақстаннан экспортты кеңейтудің бірден-бір маңызды бағыты протеині көп күшті әрі қатты сортты астық өндіру болып табылады.

Қазіргі уақытта, Өзбекстан тарапынан қазақстан астығының импортына мүдделілік

танытылмауда. Мұның өзі, баж салынбайтын ұнның Қазақстан аумағынан Өзбекстанға көптеп әкетілуінен. Бұдан басқа, ұзақ мерзімді кредит беру шеңберінде АҚШ Ауыл шаруашылығы министрлігі Өзбекстанға 20 млн. АҚШ доллары сомасына астық жеткізуді жүзеге асыруда.

Экспорт саясатының маңызды бағыттарының бірі - жаңа рыноктарды игеру болып табылады. Корпорация азық-түліктік астықтың ең үлкен рыноктарының бірі - Иран Ислам Республикасында (6 млн. тонна) орнығуды жалғастыруда. Қазақстан 1 млн. тоннаға жуық бидай жеткізуді жүзеге асыруға қабілетті, бұл ретте темір жолмен де, Каспий теңізі арқылы да тасымалдаудың техникалық мүмкіндіктері бар. Иранға және басқа да каспий маңындағы елдерге астық жеткізудің неғұрлым арзан тәсілі астықты су көлігімен тасымалдау болып табылады. Ақтау портындағы қолда бар терминалдың жылына ең көп астық өткізу мүмкіндігі 300 мың тоннадан аспайды, ал иран порттарының өткізу мүмкіндігі бұл көлемнен бірнеше есе артық. Ақтау портында қосымша астық терминалын салу порттың өткізу мүмкіндігін шамамен жылына 1 млн. тонна астыққа дейін көбейтуге мүмкіндік береді. Жеткізілетін астық сапасы неғұрлым маңызды мәселе болып қалуда - бірқатар экспорттаушылар шикі дән маңызы пайызы аз әрі тым дымқыл, сапасы төмен астық жөнелтуде. Жеткізілетін бидай сапасының нашарлауы Қазақстанның жалпы беделіне әсер тигізуде, әрине кім жеткізгенін олар бөліп-жарып жатпайды. Сондықтан, осы мәселеде мемлекет тарапынан қатаң бақылау орнату қажет. < * >

2001 жылы Қазақстанда көп егін жиналды. Статистикалық деректерге сәйкес астықтың жалпы жиналымы жетілдірілгеннен кейін салмағы 15,9 млн. тонна құрады. 2000 жылғы егіннің - 1,7 млн. тонна көлемінде қалған астығын ескере отырып, ішкі тұтыну - 9,4 млн. тонна, болжамды экспорт көлемі - 4 млн. тонна (іс жүзінде 2002 жылғы 20 мамырда - 3,6 млн. тонна), жыл сайынғы егін жинау басталар алдындағы (2002 жылғы 1 шілдеде) келесі жылға ауыстырылатын қалдығы 2,5 есе өсіп, 4,2 млн. тонна құрайды.

Корпорация жыл сайын ішкі рынокта республиканың отандық өңдеуші кәсіпорындарына мемлекеттік азық-түліктік астық ресурстарынан белгіленген баға бойынша 100-ден 150-ге дейін мың тонна көлемде астық сатты.

Ағымдағы жылы ішкі астық рыногы мол қаныққандықтан, тауар интервенцияларын жүзеге асыру арқылы мемлекеттің араласу қажеттігі туындаған жоқ.

Астықтың едәуір қоры ішкі бағаға теріс әсер етеді, соның салдарынан ішкі рынок бағасы күрт құлдырайды.

Қазіргі таңда, бір тонна астық үшін 80 АҚШ долларына баламалы сатып алу бағасын ескерсек, мемлекеттік ресурстардағы астықтың өзіндік құнын сақтауды ескере отырып, 85 АҚШ долларына баламалы (жылдың аяғына дейін өзіндік құн 87-89 АҚШ долларын құрайды), ал рыноктағы азық-түліктік бидай бағасы бір тоннаға 50-55 АҚШ долларына баламалы сомаға дейін төмендеді.

Қалыптасқан жағдайда Корпорация 2001 жылы астық сатып алуға алынған бюджет қаражатының уақытылы әрі толық қайтарылуын қамтамасыз ететін баға бойынша 200 мың тоннаға жуық астықтың қалған бөлігін сата алмайды.

Бюджет қаражатын қайтару проблемасын шешу үшін Корпорация Ауыл шаруашылығы министрлігіне Бюджет комиссиясы алдында берешектің қалған бөлігін (2,7 млрд. теңге) 2003 жылғы 1 қыркүйекке дейін ұзарту туралы мәселе қоюды ұсынды.

Ескерту. 4.3-бөлім өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.04.30. N 411 қаулысымен .

4.4. Республикалық бюджет қаражатынан қаржыландыру

Республикалық бюджет қаражаты есебінен мынадай бағдарламаларды қаржыландыру көзделуде:

1. Мемлекеттік астық резервін сақтау.
2. Мемлекеттік азық-түліктік астық резервін жаңалау үшін сатып алуды қамтамасыз ету.
3. Мемлекеттік азық-түліктік астық резервін ауыстыру.

| Бағдарлама атауы! | 2002 | ! | 2003 | ! | 2004 | ! | 2005 |
|-------------------|---------|--------|---------|--------|--------|--------|--------|
| | !----- | | | | | | |
| | ! мың ! | млн. ! | мың ! | млн.! | мың ! | млн.! | мың ! |
| | !тонна! | теңге! | тонна ! | теңге! | тонна! | теңге! | тонна! |

| ----- | | | | | | | | |
|---|-----------------------|--------|-------|--------|------|--------|------|--------|
| 1 . | М е м л е к е т т і к | | | | | | | |
| астық резервін сақтау | 500 | 770,5 | 500 | 805,4 | 500 | 833 | 500 | 833 |
| 2. Мемлекеттік азық - түліктік астық жаңалау сатып қамтамасыз ету | 450 | 5413,4 | 428 | 5500,0 | 467 | 6208,4 | 467 | 6208,4 |
| 3. Мемлекеттік астық ауыстыру | 24,0 | 21 | 125,0 | 335,2 | 62,5 | 173,3 | 62,5 | 173,3 |

Ескерту. Сатып алу, орын алмастыру және қаржыландыру көлемі өзгерілтілуі мүмкін .

2003-2005 жылдарға арналған көрсеткіштер тиісті жылға арналған бекітілген республикалық бюджетке сәйкес түзетілуі мүмкін.

2003-2005 жылдардағы бюджеттік бағдарламалар бойынша сомалардың көбейтілуі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 13 қыркүйектегі N 1197 қаулысымен

бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджетінің 2002-2004 жылдарға арналған болжамды көрсеткіштеріне сәйкес тиісті жылдарға арналған АҚШ долларына теңгенің болжамды орташа бағамының өзгеруіне байланысты.

4.5. Тартылған несиелік қаражат есебінен қаржыландыру<*>

Ескерту. 4.5-бөліммен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.04.30. N 411 қаулысымен .

Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 5 маусымдағы N 889 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасының 4.2-тармағымен және Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Ақтау портында астық терминалын салудың кейбір мәселелері туралы" 2002 жылғы 31 қазандағы N 1156 қаулысымен Ақтау портында астық терминалын салу көзделген.

Несиелік қаражатты тарту жолымен 2003 жылы кейіннен экспортқа шығару үшін астықты коммерциялық сатып алу жоспарланып отыр. Бұл ауыл шаруашылығы өнімдерін сатуда отандық тауар өндірушілерге қолдау көрсетуді қамтамасыз етуге, мемлекеттің экспорттық саясатын үйлестіруге және қазақстан астығына баға демпингін болдырмауға, ауыл шаруашылығы өндірісіне қосымша инвестицияларды тартуға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Корпорация алдында тұрған және осы Жоспарда жазылған міндеттерді шешу елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін тиімді жұмыс істейтін моделін құруға, Қазақстанда астық өндірісін дамыту, астық экспорты үшін жағдай жасауға, астық рыногын тұрақтандыруға, ауыл шаруашылығымен сабақтас салаларды дамытуды қамтамасыз етуге мүмкіндік туғызады.

1 қосымша

2002 жылғы 1 қаңтардағы астықтың мемлекеттік ресурстарының қолда бары

т о н н а

| | !Мемлекеттік азық-түлік !астық резерві | | ! Мемлекеттік сатылатын ! астықтың ресурстары | |
|--------|---|-----------------------|--|-----------------------|
| Облыс | ! Физикалық ! салмағы | ! Есептік ! салмақ | ! Физикалық ! салмағы | ! Есептік ! салмақ |
| Ақмола | 227 299,93 | 227 648,47 | 57 651,30 | 55 742,34 |

| | | | | |
|-------------------|------------|------------|------------|------------|
| Ақтөбе | | | 2 360,82 | 2 264,16 |
| Алматы | | | 71,76 | 59,38 |
| Шығыс Қазақстан | 5 497,00 | 5 525,68 | 11 075,61 | 11 097,71 |
| Батыс Қазақстан | 9 908,00 | 10 011,75 | 7 635,99 | 7 696,17 |
| Қарағанды | 60 604,09 | 60 789,19 | 11 878,37 | 11 827,19 |
| Қызылорда | 3 208,95 | 3 137,22 | 1 507,50 | 1 494,02 |
| Қостанай | 104 589,55 | 104 619,53 | 173 462,19 | 171 846,78 |
| Солтүстік | 88 892,48 | 89 254,36 | 43 886,48 | 43 802,69 |
| Қ а з а қ с т а н | | | | |
| Оңтүстік | | | 1 039,80 | 1 071,97 |
| Қ а з а қ с т а н | | | | |
| ----- | | | | |
| Жалпы жиыны | 500 000,00 | 500 986,20 | 310 569,81 | 306 902,41 |
| -----таблицаның | | | | жалғасы |

! Мемлекеттік тұқымдық ! Барлығы
! астықтың ресурстары !

| Облыс | ! Физикалық ! Есептік | ! Физикалық ! Есептік | ----- | |
|-------------------|-----------------------------|-----------------------|------------|-----------------------|
| ! салмағы | ! салмақ ! салмағы ! салмақ | ! салмақ | ! салмақ | ! салмақ |
| ----- | Ақмола | 29 951,61 | 29 703,46 | 314 902,84 313 094,27 |
| Ақтөбе | 3 634,57 | 3 650,33 | 5 995,39 | 5 914,49 |
| Алматы | 1 933,80 | 1 910,16 | 2 005,56 | 1 969,54 |
| Шығыс Қазақстан | 4 494,36 | 4 506,21 | 21 066,97 | 21 129,61 |
| Батыс Қазақстан | 33 487,14 | 34 024,76 | 51 031,13 | 51 732,67 |
| Қарағанды | 7 521,07 | 7 535,02 | 80 003,53 | 80 151,40 |
| Қызылорда | 3 828,74 | 3 828,74 | 8 545,19 | 8 459,98 |
| Қостанай | 45 189,24 | 45 258,93 | 323 240,97 | 321 725,24 |
| Солтүстік | | | 132 778,95 | 133 057,05 |
| Қ а з а қ с т а н | | | | |
| Оңтүстік | | | 1 039,80 | 1 071,97 |
| Қ а з а қ с т а н | | | | |
| ----- | | | | |
| Жалпы жиыны | 130 040,52 | 130 417,61 | 940 610,33 | 938 306,22 |
| ----- | | | | |

Мемлекеттік ресурстардың бүлінген және ақаулы астығы көлемдері қозғалысының серпіні

(Графикті қағаз мәтіннен қараңыз)

3 қосымша

2002 жылғы 1 қаңтардағы мемлекеттік азық-түлік астық резервінің жай-күйі туралы есеп

| Салынған жылдары бойынша облыстар мен элеваторларға шаққан бөлінісіндегі мемлекеттік азық-түлік астық резерві | Астықтың түрі | Көлемі, тонна | 3 сыныпты жұм.бидай! | Басқалары (күріш) |
|---|---------------|---------------|----------------------|-------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

| | | | | |
|--|------------|-------|-------|------|
| 1999 жылғы егіннің астығы, барлығы оның ішінде | | 57220 | 57220 | 0 |
| Ақмола облысы | | | | |
| "Урожай" ЖШС | жұм. бидай | | 1352 | 1352 |
| "Новоселовск" АҚ | жұм. бидай | | 3500 | 3500 |
| Достық эл. | жұм. бидай | | 4936 | 4936 |
| № 1 Астық базасы | жұм. бидай | | 962 | 962 |
| № 2 Астық базасы | жұм. бидай | | 2263 | 2263 |
| Шығыс Қазақстан | | | | |
| "Шығыс Астық" ЖШС | жұм. бидай | | 832 | 832 |
| Қарағанды | | | | |
| "Жер Арна" ЖШС | жұм. бидай | | 5784 | 5784 |
| "Шоқай эл" ЖШС | жұм. бидай | | 5785 | 5785 |
| "Ақнар" фирмасы ЖШС | жұм. бидай | | 596 | 596 |
| Қостанай | | | | |
| "Жаркөл эл" ААҚ | жұм. бидай | | 6118 | 6118 |
| "Тобыл эл" ААҚ | жұм. бидай | | 2198 | 2198 |
| "Аманқарағай эл" ЖШС | жұм. бидай | | 2150 | 2150 |
| "Денисовск" ЖШС | жұм. бидай | | 1962 | 1962 |
| Солтүстік Қазақстан | | | | |

| | | | |
|---------------------------|------------|---------|--------|
| "Колос" АҚ | жұм. бидай | 7659 | 7659 |
| "Булаевск эл" АҚ | жұм. бидай | 4755 | 4755 |
| "Смирнов эл" АҚ | жұм. бидай | 6368 | 6368 |
| 2000 ж. | егіннің | астығы, | |
| барлығы | | 176155 | 176156 |
| оның | ішінде | | |
| Ақмола | облысы | | |
| "Айыртау" ААҚ | жұм. бидай | 9009 | 9009 |
| "Азат" АҚ | жұм. бидай | 1322 | 1322 |
| "Жалтыр эл" ААҚ | жұм. бидай | 2966 | 2966 |
| "Достық эл" Н-Бурлук АҚ | жұм. бидай | 1026 | 1026 |
| "Уақ" Элеваторы ҒӨБ ЖШС | жұм. бидай | 9834 | 9834 |
| "Макинск эл" АҚ | жұм. бидай | 2466 | 2466 |
| № 1 Астық базасы | жұм. бидай | 11610 | 11610 |
| № 2 Астық базасы | жұм. бидай | 13152 | 13152 |
| № 5 Астық базасы | жұм. бидай | 923 | 923 |
| Шығыс Қазақстан | | | 0 |
